

**«6D020300-тариҳ» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Сабырғалиева Назгұл Бақтығалиқызының «Қазақстанның батыс өнірлеріндегі дәстүрлі ислам өкілдерінің рухани ағартушылық қызметі (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

### **СЫН-ПКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе <u>мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</u></p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>Сабырғалиева Назгұл Бақтығалиқызының «Қазақстанның батыс өнірлеріндегі дәстүрлі ислам өкілдерінің рухани ағартушылық қызметі (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы)» атты диссертациялық жұмысы «Рухани жаңғыру», «Ұлы Дағындық жеті қыры» мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация ҚР Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия 2021-2023 жж. бекіткен ғылым дамуының мынадай бағыттарына сәйкес келеді:</p> <p>7) «Ғылым және білім саласындағы зерттеулер»;</p> <p>8) «Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулер».</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p><u>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган.</u></p>	<p>Зерттеу жұмысы тарих ғылымына елеулі үлесін қосады.</p> <p>1) шетелдік тың дереккөздер легі отандық деректанулық қорды толықтырады.</p> <p>2) зерттеу тақырыбы бойынша отандық мұрағат деректері анықталып жүйеленген.</p> <p>3) XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы Қазақстанның батыс өнірлеріндегі дін мәселелері, діни тұлғалар айқындалып, қызметі талданды, білім беру саласындағы реформа зерделеніп, маңыздылығын түсіндіре білген.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p>	Сабырғалиева Назгұл Бақтығалиқызының «Қазақстанның батыс өнірлеріндегі дәстүрлі ислам өкілдерінің рухани ағартушылық

		3) төмен; 4) өзі жазбаған	қызметі (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы)» атты диссертациялық жұмысын жоғары бағаланады. Өйткені жұмыста негізгі ойларға байланысты ғылыми қорытындылар нақты деректемелік қорға негізделген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	1) Зерттеушінің жұмысын КР Тұнғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы Дағындық жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласына байланыстыруға болады. 2) Қазақ тарихындағы отаршылдық қасіретін айқындауда әсіресе XIX ғ. соңы мен XX ғ. мәселелерін зерттеудің теориялық және тәжірбиелік мәні зор. Қазақ елінің осы ең сындарлы кезеңдерінің бірінде қазакы болмыс пен ұлттық бірегейлікті сақтау үшін қызмет еткен тұлғалардың өмірі мен қызметін зерделеу, кезең мәселелерін айқындау өзекті. Мұны диссиденттік негіздей алған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) айқындауды; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыпты толығымен ашады. Диссиденттік негізделген мәселелерге жауап береді және осы тақырыптың алға қойған міндеттеріне шешімін береді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаттары мен міндеттері зерттеу жұмысының тақырыбына сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыста тақырыпты ашуға бағытталған жоспар 3 тараудан 9 тараушадан құрылған. Кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігіне, мақсаты мен міндеттеріне, тақырыптың зерттелу деңгейін бірнеше топқа (революцияға дейінгі, кеңестік кезең, посткеңестік уақыт, ТМД және жергілікті ғалымдардың еңбектері) бөліп, зерделеген. Зерттеу жұмысының деректік базасында шетелдік және жергілікті мұрағат материалдары кен пайдаланылған. Диссертацияның бөлімдері мен құрылымы арасында логикалық байланысқан бар.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан	Автор жұмысында тарихи фактілерге негізделген ойларды тұжырымдап, мазмұнды баяндаған. Нақты материалдарды өндөу

		белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сынни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	және талдау кезінде тарихи-жүйелік және тарихи-салыстырмалы әдістерді қолданып, сынни талдаулар жасалған. Сонымен қатар диссертацияның кіріспе бөліміндегі «зерттеу жұмысының теориялық және методологиялық негізінде» зерттеу әдістері мен ұстанымдары толық баяндалған.
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	5.1 Фылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Алынған нәтижелер толығымен жаңа болып табылады. Мұны диссертанттың XIX ғ. соны - XX ғ. басындағы қазақ елінің рухани өміріндегі өзгерістерді тарихи түрғыда дәйектілікпен зерттеуге қосқан жеке үлесі деп білемін. Мәселен, Ресей империясының ОМДМ (Орынбор Мұсылмандары діни басқармасы) арқылы жүргізілген саясатының мазмұны жалпыға мәлім ақпарат болғанымен, Батыс Қазақстанға катысты тың мұрагат материалдарының ғылыми айналымға енгізілуі, Ішкі ордадағы ықпалды ахундар топтарының алғаш рет зерттелуі, Ғұмар Қараштың өмірі туралы маңызды мәліметтердің Уфадағы Орталық мемлекеттік мұрагат пен Батыс Қазақстан мемлекеттік мұрагат материалдарының салыстырмалы талдануы сынды т.б. жаңашылдықтар назарға алынды.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Оған диссертациялық жұмыста (жалпы саны 530 бірлік) пайдаланылған шетелдік, отандық ғалымдардың еңбектері, соның ішінде 100-ден астам мұрагат қорларының материалдары дәлел бола алады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	«6D020300-тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған диссертация гуманитарлық бағыт бойынша әзірлендіктен, техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерін талқылауды мақсат етпейді, бұл бағалау өлшемі зерттеуге қолданылмайды
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген, тарихи маглұматтармен расталған.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) дәлелденді;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) кең</li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> </ol>	<p>7.1 Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4 Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>7.5 PhD докторанттың қорғауға қойылатын талаптарға сәйкес, жарияланымдары дәлелденген. Диссертация тақырыбы бойынша 14 мақала жарыққа шықкан. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары 2017 жылы «Ғасырлар тоғысындағы Алаш идеялары» халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы материалдарында, 2018 жылы өткен «III-i Арғынбаев оқулары. Қазіргі заман этнография ғылымы және оның қоғамдық жаңғырудағы рөлі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында, 2018 жылы «Қазақ тарихына жаңа көзқарас» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағында; 2018 жылы Турция Республикасы Балыкесир қаласында өткен «Uluslararası Türk kültürü ve medeniyeti kongresi» атты халықаралық симпозиум ғылыми конференциясында; 2019 жылы Турция Республикасы Балыкесир қаласында өткен «Kuva-yı milleye-şehirı uluslararası sempozyumu» атты халықаралық симпозиум материалдары жинағында; 2020 жылы Анкарада өткен «Uluslararası Kültür ve Sanatı sempozyumu» атты халықаралық симпозиум материалдары жинағында; 2020 жылы Анкара қаласындағы «Türk Yürdü» ғылыми журналында, сонымен бірге «ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы», «БҚМУ Хабаршысы. Тарих сериясы», «ҚазҰПУ Хабаршысы. Тарих сериясы», «Отан тарихы» сияқты БФСБК тізіміндегі республикалық журналдарда және «Milli Folklor», «Gazi Akademik Bakış Dergisi» атты Скопус базасында (SJR 0.123) тіркелген халықаралық журналдарда жарияланған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> </ol>	<p>Әдістеменің таңдауы – негізделген, нақты жазылған. Алынған мағлұматтың шынайылық деңгейіне жету үшін тарихильтұстанимы шенберінде кешенділік, сұрыптау, салыстырмалы және компаративті зерттеу, сұхбаттасу әдістері пайдаланылған.</p>


	дәйектілігі	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p><u>1) ия;</u>  <u>2) жоқ</u></p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандалықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p><u>1) ия;</u>  <u>2) жоқ</u></p> <p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінәра расталған / расталмаган</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз</p>	Диссертанттың жұмысы толығымен компьютерлік технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылған.
		<p>Теориялық тұжырымдар зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p>	
		<p>Диссертация тақырыбы бойынша маңызды мәлімдемелер дереккөздерді объективті талдау негізінде ғылыми әдебиеттерге, тарихи дереккөздерге сілтемелермен расталған. Атап айтқанда, мәлімдемелер Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты, Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағаты, Ресей Федерациясының Башқұртстан Республикасы Орталық мемлекеттік тарихи мұрағаты, Башқұртстан Республикасы Ғылыми академия орталығының Ғылыми мұрағаты, Ресей Федерациясының Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты, Ресей Федерациясының Астрахань облыстық мемлекеттік мұрағатының материалдары, нормативтік-құқықтық актілерінің жинақтары, мерзімді баспасөздер, Бүкілресейлік халық санағы, тарихи-өлкетану музейінің материалдарына т.б. негізделген.</p>	
9	Практикалық құндылық	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:	<p><u>1) ия;</u></p> <p>Диссертанттың зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің теориялық маңызы бар.</p>

	принципі	2) жоқ 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссиденттүң зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің практикалық маңызы және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі бар. Зерттеу нәтижелерін білім және ғылым саласында, қазіргі заманғы ұлттық саясат мәселелерін шешудің тәсілдерін жасаумен айналысатын органдар да, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДМ) қызметкерлері қолдана алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ұсыныстар жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысының нәтижелерін жоғары оқу орындарында тарих, дінтану мамандығын даярлау бойынша оқу құралдарын, дәріс курстары мен семинар сабактарын дайындауда және т.б. ғылыми ізденушілік бағыттағы жұмыстарда пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Ізденушінің академиялық жазу сапасы жалпы жоғары, дегенмен зерттеу жұмысында техникалық қателері кездеседі. Диссертацияның көлемі ауқымды, жалпы бет саны – 244.

Қорытындылай келе, докторант Сабырғалиева Назгул Бақтығалиқызының «Қазақстанның батыс өнірлеріндегі дәстүрлі ислам оқілдерінің рухани агартушылық қызметі (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы)» тақырыбында дайындаған диссертациясы ҚР БФМ Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеттің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру қагидаларының» 2-тарауында көрсетілген диссертациялық талаптарға толығымен сәйкес келеді деп есептеймін. Сол себепті, Сабырғалиева Назгул Бақтығалиқызына «6D020300-тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді толығымен қолдаймын.

Ресми рецензент:

Л.Н. Гумилев Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан тарихы кафедрасының менгерушісі,  
т.ғ.к., қауымдастырылған профессор



Г.И. Күшеноған